



## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

*2022 ж. 24 наурыз*

Павлодар қаласы

№ 2-02/143

город Павлодар

«IX Ахметов оқулары.  
Заманауи білім беру үдерісі:  
тәжірибелер, мәселелер,  
перспективалар» ғылыми-  
тәжірибелік қашықтық  
конференцияны өткізу туралы

Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттерін оқыту мен тәрбиелеу бойынша педагогикалық тәжірибелі анықтау, жалпылау және тарату мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Б. Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжі базасында 2022 жылғы 4 мамырда облыс, республика және тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінің мектепке дейінгі мекемелерінің тәрбиешілері, интернаттық ұйымдардың, жатақханалардың тәрбиешілері, мектеп мұғалімдері, техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының оқытушылары арасында «IX Ахметов оқулары. Заманауи білім беру үдерісі: тәжірибелер, мәселелер, перспективалар» атты ғылыми-тәжірибелік қашықтық конференциясы (бұдан ері - Конференция) өткізілсін.

2. Конференцияны өткізу туралы ереже (1-қосымша), ұйымдастыру комитетінің құрамы (2-қосымша) бекітілсін.

3. Техникалық және кәсіптік білім беру бойынша оқу-әдістемелік кабинеті мен Б. Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің басшысы (М.К. Шабамбаева) Конференцияны өткізу үшін материалдық-техникалық базаны дайындауды қамтамасыз етсін.

4. Облыстың мектепке дейінгі мекемелері, мектептері, интернаттық ұйымдары (келісім бойынша), техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының басшылары қызметкерлердің Конференцияға қатысуын ұйымдастырысын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басқарма басшысының м.а.,  
басшы орынбасары



А. Абенова

Бұйрықпен таныстырылды:



А. Иманшарипова

**Білім беру басқармасының  
2022 жылғы 240 » 03  
№2-02/143 бұйрығына  
1- қосымша**

**«IX Ахметов оқулары. Заманауи білім беру үдерісі:  
тәжірибелер, мәселелер, перспективалар»  
ғылыми-практикалық қашықтық конференциясы туралы  
ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

**1.1 2022 жылғы 4 мамырда** Павлодар облысы білім беру басқармасы Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледж базасында «IX Ахметов оқулары. Заманауи білім беру үдерісі: тәжірибелер, мәселелер, перспективалар» атты ғылыми-практикалық қашықтық конференциясын (бұдан әрі - Конференция) өткізеді.

**1.2** Конференция мектепке дейінгі жастағы балаларды, мектеп жасындағы оқушыларды, техникалық және кәсіптік білім беру үйимдарының студенттерін тәрбиелеу және оқыту бойынша білім берушілердің құнды тәжірибесін анықтау, жалпының назарына ұсыну және тәжірибе алмасу бойынша оқытушылардың жұмысын белсендендіруге шақырады.

### **2. Конференцияның негізгі міндеттері**

**2.1** Озық білім беру тәжірибесін дамытудың негізгі тенденциялары туралы ұғымдарды көнектізу.

**2.2** Нәтижелі тәрбие мен оқытудың теориясы мен практикасын өзара әрекеттестіру.

**2.3** Нәтижелі тәрбиелеу мен оқытудың жаңа әдістерін, тәсілдері мен формаларын іздеу.

**2.4** Қарым-қатынас, полемика, дискуссия, педагогтардың эмоционалды - құндылықты қатынастары мәдениетінің өсуіне, кәсіби қарым-қатынастың диапазонының көңейтілуіне жағдайлар жасау.

**2.5** Мектепке дейінгі мекемелері, орта білім беру мектептерімен, студенттердің кәсіби дайындығы бойынша колледждер арасында тәжірибе алмасуға жағдайлар жасау.

### **3. Конференция қатысушылары**

**3.1** Конференцияға қатысушылар облыс, республика және тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінің мектепке дейінгі мекемелерінің тәрбиешілері, интернаттық үйимдардың, жатақханалардың тәрбиешілері,

мектеп мұғалімдері, техникалық және кәсіптік білім беру оку орындарының оқытушылары болып табылады.

3.2 Қатысуышылар бекітілген секциялары бағытында таңдалған тақырыбы бойынша жеке және топтық формада зерттеу жұмыстарын орындаі алады.

3.2 Ұйымдастыру комитетіне қатысуышылар:

- тіркеу нысаны;
- жариялауға мақаласын ұсынады.

#### **4. Ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

4.1 Конференция жұмысы өзінің ғылыми және зерттеу қызметінің нәтижелері бойынша қатысуышылардың онлайн қатысуымен Zoom платформасы арқылы бейнеконференция нысанын, конференция материалдарының электрондық жинағында мақала жариялауды қарастырган.

4.2 Қатысуышылар бекітілген секциялары бағытында таңдалған тақырыбы бойынша жеке және топтық формада зерттеулер орындаі алады (жеке зерттеу жұмысы және жеке ұсыну) немесе зерттеу тобының құрамында (2 адамнан кем емес, ұжымдық зерттеу жұмысы және ұжымдық және жеке ұсыну).

4.3 Өз жұмысын ұсыну және сөз сөйлеу үшін **5 минут** және талқылау үшін **2 минут** уақыт беріледі.

4.4 Конференцияға келесі бағыттар бойынша жұмыстар қабылданады:

1) Мектепке дейінгі тәрбие және оқытуға жаңаша көзқарас: баланың ерте танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары.

2) Халықаралық білім кеңістігінде бастауыш сынып оқушыларын дамытудың заманауи мүмкіндіктері;

3) Қоғамдық-гуманитарлық пәндердің жаһандану кезіндегі оқыту ерекшеліктері;

4) Жаратылыштану-математика бағытында білім алушылардың дербестік таным құзыреттілігін қалыптастыру –халықаралық білім стандартына сай болудағы алғы шарт;

5) Білім беру жүйесін дамыту ресурсы және өлшем обьетісі ретіндегі педагогикалық көшбасшылық.

6) Адами құндылықтарды қалыптастырудың азаматтық-патриоттық тәрбиенің нысандары мен әдістері.

4.5 Ұсынылған жұмыстарды бағалау үшін білім беру басқармасы мен ЖОО өкілдері құрамына кіретін сараптама комиссиясы құрылады.

#### **5. Жұмысты бағалау критерийлері**

- Тақырыптың өзектілігі;
- Тақырыпқа мазмұнының сәйкестілігі;
- Ғылыми және практилық құндылық;
- Баяндау логикасы, ғылыми дәлелдемесінің көз жетімділігі;

- Өз бетінше пайымдауы;
- Ақпараттық компьютерлік технологияларды қолдану;
- Сөз сөйлеу мәдениеті (нақты құрылым, сөз сараптау логикасы, баяндама тақырыбы бойынша қойылатын сұрақтарға берілетін жауаптардың сауаттылығы мен қисындылығы);
- Тыңдаушыларға әсер етуі, тәртіптік мәдениеті (сөз, мимика, ым);
- Сұрақтарға жауап дайындаудағы материалды менгеру тереңдігі (мысалы: тарихи, аймақтық, халықаралық аспектілері).

## **6. Женімпаздарды марапаттау және қорытынды шығару**

- 6.1 Қатысуышының онлайн қатысуы жасалған критерийлерге сәйкес бағаланады.
- 6.2 Қатысуышылардың онлайн тыңдалғаннан кейін әр секция бойынша сараптама комиссияларының отырыстары өткізіледі, онда қорытынды шығарылады.
- 6.3 Сараптамада комиссия шешімдері хаттамаға енгізіледі және соңғы шешім болады.
- 6.4 Конференция жұмысы бойынша ескертулер Ұйымдастыру комитетімен пәндейек секция жұмысы күні қабылданады.
- 6.5 Барлық конференция қатысуышыларына сертификат беріледі.
- 6.6 Женімпаздар дипломдармен марапатталады.

**Білім беру басқармасының  
2022 жылғы «24 » 03  
№202/193 бұйрығына  
2- қосымша**

**IX Ахметов оқулары. Заманауи білім беру үдерісі:  
тәжірибелер, мәселелер, перспективалар»  
ғылыми-практикалық қашықтық конференциясын  
ұйымдастыру комитетінің құрамы**

1.	Ныгманов Максат Сейткенович	Білім беру басқармасы техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы
2.	Айнур Жумабаевна Иманшарипова	Білім беру басқармасы ТжКБ бойынша оқу-әдістемелік кабинетінің меншерушісі
3.	Гульнар Алтаевна Баймуханова	Білім беру басқармасы ТжКБ бойынша оқу-әдістемелік кабинетінің әдіскери
4.	Жакупова Сауле Толеубаевна	Білім беру басқармасы ТжКБ бойынша оқу-әдістемелік кабинетінің әдіскери
5.	Мираш Камзеновна Шабамбаева	Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің басшысы
6.	Роза Сержановна Баймухамбетова	Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжі басшысының оқу ісі жөніндегі орынбасары
7.	Махамбетова Гулнара Икытаевна	Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжі басшысының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
8.	Алтын Агнасовна Смаилканова	Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледж басшысының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары
9.	Абишева Асемгуль Вахитовна	Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледж басшысының оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары

**ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ БІЛМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ**  
**Б. АХМЕТОВ АТЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ**

**АҚПАРАТТЫҚ ХАТ**

Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжі **2022 жылғы 04 мамырында** «IX Ахметов оқулары. Заманауи білім беру үдерісі: тәжірибелер, мәселелер, перспективалар» атты ғылыми-практикалық қашықтық конференциясын өткізеді. Конференция жұмысына қатысуға облыс, республика және тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінің мектепке дейінгі мекемелерінің тәрбиешілері, интернаттық үйымдардың, жатақханалардың тәрбиешілері, мектеп мұғалімдері, техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының оқытушылары шақырылады.

Конференцияда келесі секциялар бойынша заманауи білім берудің өзекті мәселелерін қарастыру жоспарлануда:

- 1) Мектепке дейінгі тәрбие және оқытуға жаңаша көзқарас: баланың өрте танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары;
- 2) Халықаралық білім кеңістігінде бастауыш сынып оқушыларын дамытудың заманауи мүмкіндіктері;
- 3) Қоғамдық-гуманитарлық пәндердің жаһандану кезіндегі оқыту ерекшеліктері;
- 4) Жаратылыштану-математика бағытында білім алушылардың дербестік таным құзыреттілігін қалыптастыру –халықаралық білім стандартына сай болудағы алғы шарт;
- 5) Білім беру жүйесінде әр сатыдағы көшбасшылықты дамыту жолдары./  
Педагогическое лидерство как ресурс развития системы образования и объект измерения
- 6) Адами құндылықтарды қалыптастырудады азаматтық-патриоттық тәрбиенің нысандары мен әдістері.

**Конференцияның жұмыс тілдері:** қазақ, орыс, ағылшын және неміс.

Конференция материалдарын жариялау үшін **2022 жылдың 24 сәуірге** дейін <http://www.ped-kollege.edu.kz/> колледж сайтында «Әдістемелік қызмет» бөліміндегі ««IX Ахметов оқулары. Заманауи білім беру үдерісі: тәжірибелер, мәселелер, перспективалар» конференциясына тіркеу формасы» қосымша бетінде тіркелу қажет. Осы тіркеу нысанында барлық жолдарды толтыру және Microsoft Office Word редакторында (2010-2020) терілген A4 форматындағы мәтін көлемі 5 беттен аспайтын мақаланы жүктеу қажет. Файл атауында автордың тегі және секцияны реттік нөмірі болуы керек, мысалы, Ахметова\_1. Конференцияның қатысушысы тек бір ғана ғылыми мақала (жеке немесе бірлескен авторлықта) ұсына алады.

Ғылыми мақалада секцияның тақырыбымен сәйкес, өзекті, ғылыми жаңалығы, болжамдардың негізділігі болуы тиіс. Сонымен қатар төменде көрсетілген орфография, тыныс белгілерінің ережелеріне және ресімдеу талаптарына сай болуы қажет.

**Баяндамаларды ресімдеуге қойылатын талаптар:**

- шрифт Times New Roman, KZ Times New Roman /12 pt/; аралық - бір, үстіңгі жағы – 2,5 см., астыңғы жағы – 2,5 см., сол жағы – 3 см., оң жағы – 2 см.; абзац шегінісі – 1 см.
- беттің үстіңгі жағында – кіші әріппен жазылған баяндаманың аты, оның астында бір аралықта, кіші әріппен автордың тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері, кіші әріппен жұмыс орны, атағы және қаласы, содан бір аралықтан кейін мәтін берілуі керек;
- формулалар Microsoft Equatioin формуласының редакторы үлгісінде орындалуға тиіс, суреттер (қара-ақ, бояусыз) сканерлеу JPEG, JPG форматында 300 dpi кем емес;
- пайдаланған әдебиеттер тізімі мәтін соңында көрсетіледі және тізім ретімен сәйкес теріледі. Әдебиетке сілтеме тізімдегі жұмыстың нөміріне сай «төртбұрышты» жақшаға алынады. Сілтемелерді қолдану кезінде пайдаланған әдебиеттің параграфын көрсету қажет. Мысалы: [1, 12 б.].

### **Толтыру үлгісі:**

**Бастауыш сынып оқушысында логикалық ойлауды дамыту**

**А.Б.Муканова**

**Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің оқытушысы,  
Павлодар қ.**

Мәтін.....  
.....

Жоғарыда көрсетілген талаптарды сақтаумен қатар мұқият тексерілген түрде материалдарды ұсыну қажеттілігін Сіздің назарыңызға саламыз. Жауапты хатшы ресімдеу ережелеріне сай емес материалдарды қабылдамауға құқылы. Мақалалардың қабылдануы жөніндегі ақпарат **2022 жылғы 28 сәуірге** дейін Сіздің электрондық адресіңізге жіберілетін болады.

Кеңес алу үшін мына мекенжайға хабарласуға болады: Павлодар қ., Михаил Исиалиев к-сі, 6/9, 203 кабинет, әдістемелік бөлім немесе тел. 8 (7182) 618-165, 8 (7182) 618-167, 8 705 165 70 73 (Смаилканова А.А.).